

Ж.Ж. Жарылғапов, Б.О. Оразова*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(e-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru, b.oralova@mail.ru)

Қасым Аманжолов поэзиясындағы көркемдік кеңістік пен уақыт

Мақалада Қасым Аманжолов поэзиясының өзіндік ерекшелігі кеңістік пен уақыт сынды әдебиет теориясының іргелі категориялары арқылы қарастырылды. Көркем әдебиеттегі уақыт пен кеңістік мәселелері, оның түрлері, қазіргі уақытта зерттелу деңгейі туралы пікірлер жүйелене келіп, ақын жырларындағы осы категориялардың көрініс табуы кеңінен талданған. Сол кезеңдердегі әдебиеттанушы-ғалымдардың ақын шығармашылығына берген бағасы көрініс табады. Зерттеу жұмысында Қасым ақынның шығармаларындағы уақыт пен кеңістіктің ұйымдастырылу жолдары, сол арқылы өлең жолдарының құрылу спецификасы, ақынның дүние мен адам туралы концепциясы айқындалған. Авторлар көркем аналитикалық талдау, философиялық талдау, салыстыру секілді әдістерді қолдана отырып, тақырыптың мәнін жан-жақты ашуға тырысқан. Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Қасым Аманжоловтың мұраларын уақыт пен кеңістік ұғымдарына сай талдай отырып, оның қалыптастырған дәстүрі, стильдік ерекшелігі туралы ғылыми тұжырымдар жасаған.

Кілт сөздер: Қасым Аманжолов поэзиясы, кеңістік пен уақыт, көркем әдебиеттегі уақыт, көркем әдебиеттегі кеңістік, физикалық шынайы уақыт, концептуалдық уақыт пен кеңістік, перцептуалдық уақыт пен кеңістік.

Кіріспе

Адамзаттың көркем ойының дамуына орай өнерді, жалпы шығармашылық психологиясын зерттеудің әдіснамалық ұстанымдарын да жетілдіріп отыру қажеттілігі айқын. Ғылыми ой-пікірдің дамуы да белгілі бір әдіснамалардың теориялық және қолданбалы маңызын да төмендетті. Бүгінгі таңда бүкіләлемдік көркем ой дамуындағы гуманистік және ұлттық өлшемдердің, тарихи-рухани өмірдегі көркем шығармашылықтың адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын қайта бағамдау мәселесі өз-өзінен күн тәртібіне шығып отыр. Сондықтан біз ұлттық өнерімізді, әдебиетімізді, оның идеялық-көркемдік бағыттарын, жалпы поэтикалық мәселелерін әлемдік әдебиет контекстінде қарауға тиіспіз. Бұл нақты ғылымдармен қоса, гуманитарлық ғылымдардың күрделі категориясы — уақыт пен кеңістікке де қатысты. Уақыт пен кеңістікті талдап-таразылауда әр ғылымның өз жолы, өз әдістемелері бар. Аристотель заманынан бері талқыланып келе жатқан бұл категориялар көркем әдебиетте айрықша маңызға ие. Бертінге дейін бұл ілімнің сыры толық ашылмай келді, өткен ғасырдың соңғы ширегінде ғана бұл жөнінде ғылыми дәлелдер айтыла бастады. Әсіресе соңғы жылдары ғалымдардың көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік тақырыбын сан қырынан зерттеу бағыттары байқалуда. Атап айтқанда, уақыт пен кеңістіктің біздің санамызда бейнеленген қандай үлгісі болса да, олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталатыны, барлығы да содан туындайтыны ғалымдарды қызықтыра бастады.

Негізгі бөлім

Әдебиет теориясында қарастыратын көркем шығармашылықтағы уақыт және кеңістік — көркем мәтіннің өмір сүру пішіні. Әдебиеттің өнер түрлерінің ішіндегі бір артықшылығы уақыт пен кеңістікті еркін пайдалана алатындығы. Көркем әдебиеттің уақытты тығыздай алатын, ұзартатын, қысқартатын ерекшеліктері бар. Ол ең бастысы сюжетті дамытуға, көркем туындыдағы психологизмді күшейтуге қызмет етеді. Профессор Т. Есембеков: «Уақыт пен кеңістік категориялары — әдеби туындыдағы автор, образ, сюжет, стильмен тығыз байланысты. «Авторлық кеңістік», «сюжеттік уақыт», уақытқа тән стиль», «образдың өмірі мен ортасы» сияқты тіркестер әдебиеттануда жиі қолданылатының себептері жетерлік. Соңғы кезде «авторлық уақыт», «шығармашылық кеңістік» деген ұғымдар жан-жақты зерттеле бастады», — дей отырып, бұл әдеби-философиялық ұғымдардың ұлттық әдебиет теориясында маңыз беріп талдануға тиіс межелерін меңзейді [1; 121]. Қазір

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: b.oralova@mail.ru

дәлелденіп жүргеніндей, кеңістік пен уақыт шығармадағы оқиғаға, іс-әрекеттерге қатысты өзгеріп, олардың алмасуы, қарым-қатынасқа түсуі әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты. Уақыт пен кеңістік категорияларына шығармадағы уақытты сығымдап баяндау немесе оны созу, тіпті оқиғаны тек соның айналасына үйіре дамыту да әсер етеді. Нақты уақыт үздіксіз алға біркелкі жылжып отырса, санада көрініс беруі біркелкі емес. Уақыт бірде баяу, бірде жылдам өтетін құбылыс ретінде сезіліп жатады. Басқа өнер түрлеріне қарағанда сөз өнерінің уақыт пен кеңістікті құбылта суреттеудегі мүмкіндігі зор. Мәселен уақытты созу, сығымдау, қысқарту, кері шегіндіру сияқты ерекшеліктер автордың көркем ойлау, қиялдау қасиеттерімен тығыз байланысты.

Осы мәселені кеңінен зерттеген орыс ғалымы М. Бахтиннің пікірінше, «көркем кеңістік пен уақыт әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз — уақыт пен кеңістік белгілері белгілі бір құбылыста бірлікте көрінуі, мұнда уақыт тығыздалып, көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді, ал кеңістік шоғырлана түсіп, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді» [2; 235].

Уақыт пен кеңістіктің өлшем-пішіндері шынайы физикалық уақыт пен кеңістікке қарап анықталып, барлығы содан туындайды. Уақыт пен кеңістік жазушының жазу стилін, дүниені қабылдауын, дүниетанымын қалыптастыра отырып, әлемнің тұтас бейнесін өзінше құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды. Шығарманың композициялық тірегі, көркем бейнелерді суреттеудің ішкі ұйымдастырушысы ретінде де көрінеді. Бұл категорияларды әдебиет теориясының құралдары арқылы саралай отырып, біз көркем шығарманың эстетикалық құндылығына бойлап, оның құрылымдық жүйесін, қаламгердің дүниетанымдық қырлары мен идеялық ұстанымын айқындай аламыз.

Зерттеушілердің көз жеткізгеніндей, уақыт пен кеңістік ұғымдары көркем әдебиетте шынайы физикалық, концептуалдық, перцептуалдық деп үш топқа бөліп қарастырылды [3; 11]. Физикалық уақыт пен кеңістік жалпы табиғаттағы адамдардан тыс объективті түрде болып жатқан орын ауыстыру, алмасу құбылыстарында көрініс тапса, концептуалдық уақыт пен кеңістік — табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы іс жүзінде реалды уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі. Перцептуалдық уақыт пен кеңістік ұғымы адамдардың сезім-түйсіктерімен, психологиялық жай-күйлерімен тамырласып жатады. Мәселен, көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының айғағы.

Б. Майтановтың пайымдауынша да, «Көркем әдебиет — уақыт пен кеңістіктің шағын моделі. Оны дүниеге әкелу үшін де мекеншак (хронотоп) өлшемі керек, оның мазмұндық құрылымы да әр алуан мекеншак қатынастарына негізделмек... Егер қаламгер дәуір тұлғасына сай адамдар дүниетанымы мен рухани болмысының қалыптасуын көрсетуде көркемдік уақытты терең психологиялық дәлелдеме ретінде пайдалана алса, шынайы жинақтауға, образды даралауға табиғи жол ашқаны» деп есептейді [4; 97].

Қаламгер мәтін түзу барысында оқиға желісіне белгілі бір кеңістікті таңдайды. Ол кеңістіктің ауқымы кеңейіп, оқиғадан да тыс көп дүниелерді қамтуы мүмкін. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде уақыт пен кеңістік өлшемдері күрделене келіп, ертегімен, мифпен жымдаса өрілуі себепті хронотоп шартты сипатқа ие болды. Мысалы, Қасым Аманжолов поэзиясының өзегі, мызғымас іргетасы болып табылатын ақын өмір сүрген уақыт пен кеңістік, замандастарының тағдыры жымдаса өріледі. Қасымның өлең арқылы бейнелеудегі ақындық ізденістері, мұраты, мақсат-мүддесі осы сезімнен туындап, өрбіп, тарап жатады. Яғни Қасым шығармаларындағы кеңістік пен уақыт сол шығармадағы оқиға, іс-әрекеттерге қатысты өзгеріп отырады. Ал олардың алмасуына, бір-біріне қатысты жүйеге түсуіне сол уақыттағы әлеуметтік жағдай себепші болған іс-әрекеттің мән-мағынасына бағындырылған. «Қасым — Абай бастаған классикалық әдебиеттің, Мағжан бастаған XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі жаңа әдебиеттің мирасқоры болды. Біз бұл арада «мирасқоры болды» деген ойды алдыңғы ұлы ақындардың дәстүрін жалғастырушы деген мағынасында ғана қолданып тұрғанымыз жоқ. Егер осы мағынасында ғана алатын болсақ, онда Қасым Аманжолов шығармашылығының тағы да басқа бірқатар ақындардың поэзиясымен бағасы мен бәсі бірдей болар еді. Әңгіме бұл арада Қасымның өз заманындағы Абай, өз дәуіріндегі Мағжан сияқты қазақ өлеңіне жаңа бет пен бағдар, соны мазмұн мен түр дарытуында. Бұл шын мәнінде Қасымның шығармашылық тағдырына жазылған ірі ақындық миссия болатын», — дейді зерттеуші Е. Тілешов [5; 136–137]. Ал ғалым Б. Ыбырайым Қасым Аманжолов шығармашылығы жайлы «көркемдік ойлаудың адамзат тарихында бұған дейін болмаған жаңа құбылыстар мен тың толқыныстар әкеліп, болмысты сезіну мен бейнелеудің, көркемдік тәжірибенің

жаңа типін әкелді» деп нақты баға береді [6; 208]. Қарап отырғанымыздай барша зерттеушілердің тоқтамы — Қасым қазақ поэзиясындағы жаңа дәуір әдебиетін қалыптастырушы. Ақынның әкелген жаңалықтары уақыт пен кеңістікке деген қасаң қағиданы бұзып, жаңаша таным тұрғысынан келгендіктің жемісі. Десек, уақыт пен кеңістік ұғымдарында Қасымның өзіндік пікірі, жаңаша көркем-философиялық қатысы болды. Бұл оның дүниетанымын, дүниені қабылдауын, қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Қасымның жалпыға мәлім «Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін. Қағып-соғып жығар ма, Оңайлықпен мені өлім» деген өлең жолдары туралы әдебиет зерттеушісі Б. Кәрібаеваның «Өлгі төрт жолға ақынның уақыты, кеңістік субъекті түгел сыйып кеткен. Тарих көркем шындыққа айналған... 7–8 буынды жыр үлгісі сөйтіп, Абай арқылы өзгеше көркем пішім тауып, әлгіндей мүмкіндікке өріс ашқан» деген пікірі біраз жайды аңғартқандай [7; 108]. Абай реализмінің тереңінен нәр тартқан ақынның эстетикалық-философиялық тұғыры да уақыт пен кеңістік арқылы айқындалды. Оған мысал майдан даласын, шығармаға өзек болған оқиғаны көзімен көрмей-ақ жазған «Ақын өлімі туралы аңыз» атақты поэмасы. Автор нақты уақыт пен көркем уақыттың бірлігін сақтай отырып, кеңістікті ұйымдастыру автордың ұстанымына сәйкес өрілген жетекші тұлғаға тәуелді болады. Яғни сол уақыттың да кеңістіктің де жетекші тұлғасы романтикалық кейіпкер — Абдолла. Бас кейіпкер араласатын оқиғаларды тым қоюлату, тығыздау, авторлық эмоциямен әдіптеу арқылы өзі де сол мекеншақта өмір сүрді. Содан да болар жастық пен өршіл рухтың, дарындылықтың нәтижесі деп танылған поэмасы шығармашылық ортада бірден көзге түсіп, қызу талданып, әдебиетшілер тарапынан өте жоғары бағаланды.

Уақыттық шындықтарды іріктеу, қиялмен байыту, әсірелеу арқылы Абдолла бейнесінің ашылуының ұйымдастырушысы бола біледі. Олай дейтініміз, ғарышқа дейінгі кеңістік пен уақыт жымдаса қамтылып, жауымен арпалысқан Абдолла ақын бейнесі тарихи уақыт коллизиясына теңестіріледі.

...Қойып айды қарауылға,
Күн де шомды ұлы ұйқыға,
Қонды орманға қорғасын бұлт.
Айнала аймақ тұрды жым-жырт... [8; 53].

Қасым ақын жер-жаһанның құдіретті күші мен күллі әлемнің ашу кегін де өмір мен өлімнің шешуші сәтінде тарихи уақыт пен көркем уақыттың сәйкестігін ескереді.

...Құдірет күші жер-жаһанның,
Қанатын бер қыран құстың,
...Күллі әлемнің ашу — көгі,
Орна менің кеудеме кеп,
Жау жолына атам сені,

Бомба бол да жарыл жүрек! [8; 53] — деп, өлең жолдарының құрылу ерекшелігінен ақынның дүние туралы концепциясын анық көре аламыз.

Реалды уақытты көркем уақытқа айналдыру барысындағы Қасым қолданған романтикалық рух сол шақтағы әдеби үрдістің сөз жоқ жаңалығы еді. Ғабит Мүсірепов: «Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін, жүрегін тербей шыққан» дей отырып, ақын поэмасын «майданнан соққан жаңа леп сияқты», — деп жоғары бағалады [9; 93]. Ақынның лирикалық қаһарманының бүкіл тұлғасы, образ, мінез, ақын шығармашылығындағы өмір конфликтісінен ұшқындап, онымен астарласып жатқан драматизм. Қасым шығармашылығының әр алуан қыры болып табылатын лиризм, патриотизм, реализм секілді мәселелер де осы уақыт пен кеңістіктің әр қырынан көрініс тапқан.

Эпикалық шығармада қолданылатын мекеншақ формалары оның лирикасында да анық байқалады. Мәселен, ақынның «Сабыр етші» өлеңінен осындай жайды байқауға болады:

...Неге мұнша сорлы жүрек, соғасың?
Неге күйіп, неге мұздап тоңасың?
Арпалысып тыныш жата алмай ұянда
Неге мұнша мазасыз сен боласың?!
Неге мұнша үрейлене соғасың?
Қиял кернеп, нені ойлап шоласың?
Сорлы жүрек, ойларсың да, толғарсың,

Толғарсың да, сарғаярсың, соларсың [10; 103].

Осы бір шағын өлең жолдары сол замандағы оның өмір сүрген ортасындағы оқиғаларға деген ішкі сезімін ақтарып, өмірдің қиындығы мен болашақтың бұлыңғыр екенін жан тәнімен ұққандай, оған қайғыра отырып, айтарға жан таппай тек жүрегімен сырласқандай. Өлең шағын болса да уақыт пен кеңістіктің ақын көңіліне салған терең сызат пен мазасыз мұңды байқаймыз.

Қ.Аманжоловтың өзі өмір сүрген уақыты мен қиялдан туған уақытының алмаса келуін «Өзім туралы» өлеңі арқылы қарастыруға болады. Мұндағы уақыт формасын әдебиет теориясындағы сюжеттік-фабулалық немесе персонаждық уақыт тұрғысынан түсіндіре аламыз. Кеңістік пен уақыт мәселесі өлеңде нақты өрнектеле келіп, уақытты баяулату, созу арқылы кеңістікке шолу жасайды.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде? [11; 34].

Ақынның ретроспекциялық бейнелеуінде уақыт ырғағын әдейі бұзып отырады:

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ?
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап? [11; 35].

Қасым ақын жырларындағы виртуалдық кеңістік — ол шексіз әлем. Сол әлемді қиялменен шарлап шықса да, шынайы өмірде оған арпалысқа толы уақыттың қарсылығы кедергі ететіндей:

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жерінді мен кетемін.
Арпалыс алақұйын заманалар
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?! [11; 35].

Реалды уақыт үздіксіз өтіп, үнемі алға біркелкі жылжып жатқанменен біздің қабылдауымыздағы уақыт кейде ақырын, кейде жылдам ауысқандай болады. Ақынның субъективті қабылдауындағы уақыт оқиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу жүріп, кейде үзіліп те отырады. Қасым қиялындағы жақсылық, әділдік, көңіл тыныштығы алыстан мұнарланып көрінгенмен, күте-күте шаршап жалыққаннан, өмірге берілген уақыттың қысқа екенін түйіндеп айтады:

...Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.
...Жүзінде кәрі жердің әжімі көп,
Ізімді табарсындар әзер іздеп.

Оқырсың сонда, мүмкін, бұл жырымды,

«Досың да, туысың да біздерміз» [11; 35], — дей отырып, ақын «о замандағы» да «орнын», өмірден түйгені бойынша адамның қылықтарын елестетеді:

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұңарлана [11; 35].

Қасым үшін «уақыттық-кеңістіктік континуум», яғни тоқтаусыз ағып жатқан уақыт пен үздіксіз алмасып жатқан кеңістіктен өз орнында табу маңызды. Ақын кредосы да осы бір идеяға бағынышты. Қазақ әдебиетінің классигіне айналған ақынның поэтикалық қуаты мен, өлеңінің өміршеңдігі де оның бір ұлттың игілігі шеңберінен шығып, адамзаттық құндылықтарға иек артуында.

Қорытынды

Қасым ақынның поэзиясында жүзеге асқан көркем уақыт пен кеңістіктің түрлері әр алуан. Ақынның «өлеңім өлмесе екен» деген парасатты ойы мен оның бойындағы ерлік пен өрлікті ту ете отырып, уақыт пен кеңістікті хас суреткерге тән құбылтады. Автордың көркем мәтінді жазу уақыты, яғни шығармашылық тарихы, библиографиялық кезеңімен көркем қиялдан туған уақыт пен кеңістік арасындағы нәзік байланыстарды табу — болашақтың еншісі. Қасым Аманжоловтың биік эстетикалық талғамы, философиялық ұғымының аса ауқымдылығы әдебиет теориясындағы кеңістік пен уақыт категориясы арқылы талдауды қажет етеді. Өйткені көркем уақыт пен кеңістік категориялары автор, стиль, образ, сюжет сияқты әдебиеттанудың аса ауқымды ұғымдарымен

байланысты. Қасым Аманжолов лирикасындағы уақыт пен кеңістік өлшемі өзінің көркемдік қуатымен, өзіндік мәнерімен, поэтикалық тұрғыда ұйымдастырылуымен ерекшеленген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы / Т.О. Есембеков. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 186 б.
- 2 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики / М. Бахтин. — М.: Худож. лит., 1975. — 235 с.
- 3 Зобов А. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства / А. Зобов, А. Мостапенко // Ритм, пространство и время в литературе и искусстве. — Л.: Наука, 1974. — 112 с.
- 4 Майтанов Б. Көркемдік нәрі: Әдеби сын мақалалар / Б. Майтанов. — Алматы: Жазушы, 1983. — 184 б.
- 5 Тілешов Е. Қасымның ақындық миссиясы / Е. Тілешов // «Қасым Аманжолов және жаңа дәуір поэзиясы» атты. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. — Б. 133–141.
- 6 Токсамбаева А. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қазақ әдебиеті (1941–1960): оқулық / А. Токсамбаева. — Семей: Интеллект, 2012. — 314 б.
- 7 Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары / Б. Кәрібаева. — Астана: Елорда, 2001. — 312 б.
- 8 Аманжолов Қ. Ақын өлімі туралы аңыз: Өлеңдер мен поэмалар / Қ. Аманжолов. — Алматы: Жалын, 1982. — 112 б.
- 9 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы: [Үш томдық] / Ғ. Мүсірепов. — Алматы: Жазушы, 1980. — 270 б.
- 10 Аманжолов Қ. Дауыл: өлеңдер (Мектеп кітапханасы). — Алматы: Жазушы, 2002. — 128 б.
- 11 Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз: өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Раритет, 2006. — 256 б.

Ж.Ж. Жарылғапов, Б.О. Оразова

Время и художественное пространство в поэзии Касыма Аманжолова

В статье рассмотрены поэтические особенности поэзии Касыма Аманжолова посредством фундаментальных категорий теории литературы — времени и пространства. Проведен анализ научной литературы по проблемам времени и пространства в художественной литературе, систематизированы их виды и категории. Обзор научной литературы показал, что рассматриваемые категории широко представлены в поэмах поэта. Об этом свидетельствуют труды ученых-литературоведов, посвященных творчеству К. Аманжолова. В научной работе определены пути организации времени и пространства в произведениях Касыма-поэта, особенности построения поэтических строк. Особое внимание уделено концепции поэта восприятия мира и человека. Рассмотрены стилевые особенности его творчества. Авторы стремились всесторонне раскрыть сущность изучаемой темы, используя такие методы, как художественно-аналитический и философский анализ, сравнение. На основе проведенного анализа художественных категорий времени и пространства на материале наследия выдающегося представителя казахской поэзии Касыма Аманжолова были сделаны научные выводы, которые заключаются во влиянии поэта на литературный процесс и формировании традиции казахской литературы.

Ключевые слова: поэзия Касыма Аманжолова, пространство и время, время в художественной литературе, пространство в художественной литературе, физическое реальное время, концептуальное время и пространство, перцептивное время и пространство.

Zh.Zh. Zharylgapov, B.O. Orazova

Artistic space and time in Kasym Amanzholov's poetry

The article considers the features of Kasym Amanzholov's poetry through the fundamental categories of the theory of literature, such as space and time. Opinions about the problems of time and space in fiction, its types, the level of research are systematized, as well as the manifestations of these categories in the poet's poems are widely being analyzed at present times. The article reflects the assessment of the poet's creativity by literary critics of that period. The study reveals the ways of organizing time and space in the work of the poet, the peculiarities of the lines formation of the poem, the poet's idea of the world and human. The authors try to reveal the essence of the topic in a comprehensive manner, using methods such as artistic and analytical analysis, philosophical analysis, comparison. By analyzing the heritage of the outstanding representative of Kazakh poetry of Kasym Amanzholov, in accordance with the ideas of time and space, there were drawn scientific conclusions about the traditions and stylistic features of its formation.

Keywords: Kasym Amanzholov's poetry, space and time, time in fiction, space in fiction, physical real time, conceptual time and space, perceptual time and space.

References

- 1 Esembekov, T.O. (2015). *Korkem matin teoriiasy [Literary text theory]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 2 Bakhtin, M. (1975). *Voprosy literatury i estetiki [Questions of literature and aesthetics]*. Moscow: Khudozhestvennaia literatura [in Russian].
- 3 Zobov, A., & Mostepanenko, A. (1974). O tipologii prostranstvenno-vremennykh otnoshenii v sfere iskusstva [About typology spatially temporal relations in the sphere of art]. *Ritm, prostranstvo i vremia v literature i iskusstve — Rhythm, space and time in literature and art*. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 4 Maitanov, B. (1983). *Korkemdik nari: adebi syn maqalalar [Artistic strength: Literary critical articles]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 5 Tileshev, E. (2011). Qasymnyn aqyndyq missiiasy [Poetic mission of Kassym]. Kassym Amanzholov and poetry of the new era 12: *gylymi praktikalyq konferensia matrialdary — scientific and practical conference*. (pp. 133–141). Qaragandy: QarMU baspasy [in Kazakh].
- 6 Toksambaeva, A. (2012). *Uly Otan sogysy zhane sogystan keiingi qazaq adebieti (1941–1960) [The Great patriotic war and post-war Kazakh literature]*. Semey: Intellect [in Kazakh].
- 7 Karibaeva, B. (2001). *Qazirgi qazaq adebietinin korkemdik damu arnalary [Ways of artistic development of modern Kazakh literature]*. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 8 Amanzholov, Q. (1982). *Aqyn olimi turaly anyz: Olender men poemalar [The legend of the death of the poet]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 9 Musrepov, G. (1980). *Tandamaly [ysh tomdyq] [Custom. In three volume]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 Amanzholov, Q. (2002). *Dauyl: olender (Mektep kitapkhanasy) [Storm: Poems (School library)]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 11 Amanzholov, Q. (2006). *Dariga, sol qyz: olender men poemalar [Dariga is that girl: songs and poems]*. Almaty: Raritet [in Kazakh].